





§1 Жер туралы
қысқаша мәліметтер



Жоспар:

1. Жер ғаламшарының Күн жүйесіндегі орны
2. Жер шары полюстері және пішіні
3. Жер ғаламшарының қозғалысы
4. Сағаттық белдеулер
5. Жылу белдеулері

- 
- ✓ Күннен қашықтығы — 150 млн км.
 - ✓ Орбитадағы айналу жылдамдығы — 29,8 км/с.
 - ✓ Орташа тығыздығы — $5,5 \cdot 10^3$ кг/м³.
 - ✓ Күнді айналу ұзақтығы — 365 тәул. 6 сағ.
 - ✓ Табиғи серігі — Ай.
 - ✓ Массасы — $6 \cdot 10^{24}$ т.
 - ✓ Радиусының орташа ұзындығы — 6371 км.
 - ✓ Экваторының ұзындығы — 40075,7 км.
 - ✓ Меридианының ұзындығы — 40008,5 км.
 - ✓ Жер бетінің жалпы ауданы — 510 млн км².



Жүздеген миллиард жұлдыздардан тұратын жұлдыздық жүйелер галактиканы түзеді



2012 жыл 26 21:56:23 UTC
Текуште время





Скорость: 0,00000 м/с



FOV: 34° 48' 56,41" (1,00x)



Галактикалардың бірі-Құсжолы, диаметрі шамамен 100 000жарық жылына тең.






Жарық

жылы — ұзындықтың *астрономияда* қолданылатын жүйеден тыс бірлігі;




Газлы планеталар
(Юпитер,
Сатурн, Уран,
Нептун)



Жер тобындағы
планеталар
(Меркурий, Шолпан,
Жер, Марс)




Жердің жалғыз серігі-**Ай**. Ол басқа планетамен соқтығысып пайда болған.





Луна

Земля

Географиялық полюс, географиялық ұйық— жердің айналу өсінің жер бетімен қиылысатын нүктелері, яғни **полюстерде** жердің барлық меридиандарының қиылысуы.





Магниттік полюс — жер бетіндегі магниттік еңкеюі 90Ә-қа тең, бұрылу сызықтары (**изогоналар**), яғни магниттік **меридиандары** түйісетін нүктелер.



Полярлық шұғыла— Жер атмосферасының *ионосфера* қабатында байқалатын жарқыл. Полярлық шұғыла ғарыштан келетін жоғары энергиялы **зарядталған бөлшектердің** (электрондар мен протондардың) **атомдар** мен **молекулалармен** әсерлесуі (90 — 1000 км биіктікте) нәтижесінде пайда болады.





Заттың планета центріне тартылуы және оның ось бойымен айналуы салдарынан Жер эллипсоидтық пішінге келген.




Жер шары өз білігінен сағат тіліне қарсы бағытта батыстан шығысқа қарай 24 сағатта бір рет айналып шығады. Бұл қозғалыс нәтижесінде күн мен түн алмасуы жүреді.



Жердің өз білігшен айналуы кезінде оның бетіндегі барлық денелер қозғалысында ауытқу пайда болады. Бұл ауытқуды тудырушы құбылыс — **Кориолис күші** деп аталады. Кориолис күші әсерінен солтүстік жарты шардағы жер бетімен қозғалатын барлық денелер оңға, ал оңтүстік жарты шардағы денелер солға бұрылады. Өсіресе бұл қозғалыстар **желдер** мен беткі **ағыстардан** айқын байқалады.



Жердің өз білігінен айналуы нәтижесінде пайда болатын уақыт айырмашылығын реттеу мақсатында Жер шары шартты түрде 24 белдеулік уақытқа бөлінген. Белдеулер арасы 15° , [Гринвич меридианынан](#) басталады. Әрбір белдеу келесі белдеуден 1 сағат айырма жасайды. Егер Гринвич меридианында тал түс болса, 180° бойлықта түн жарымы, Гринвичтен шығысқа қарай 90° бойлықта кеш болса, ал [Гринвичтен](#) батысқа қарай 90° [бойлық](#) бойында таң атады. Жердің шар тәрізді пішіні оның бір [меридиан](#) бойында орналасқан кез келген бөлігінде тәулік ішіндегі уақыт көрсеткіші бірдей болады.



Жердің айналу білігінен еңкіштігі және Күнді айнала қозғалуы Жер шарында жарық немесе жылу белдеулерін қалыптастырады. Олар өз тарапынан географиялық қабықтағы зоналық жіктелуге негіз болады. Жылу белдеулері бір-бірінен Күннің тал түстегі көкжиектен биіктігі, күннің ұзақтығы, тропиктік және полярлық шеңберлермен шектелуі арқылы ажыратылады.

